



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Тұлға мәдениетінің негізгі және қажетті құрамды буыны – оның *эстетикалық мәдениетінің* болуы.

*Эстетикалық мәдениет* – рухани мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде табиғат пен адам баласының шығармашылық еңбегімен жасалатын эстетикалық құндылықтардың жиынтығы, оларды жасау және қолдану тәсілдері. Эстетикалық құндылықтар қоғамның өмірмен қарым-қатынасқа түсуіне, қоғамның жетілу талпынысына, қоғамдық қатынастардың барлық жүйесінің толыққанды өркендеуіне қатысады.

«Эстетика» және «мәдениет» терминдерінің мән-мағынасын жан-жақты ашып көрсете отырып, зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты «эстетикалық мәдениетті қалыптастыру» ұғымына біз «Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда, жеке адамның немесе тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – оның бойына халықтың объективті эстетикалық құндылықтарын сіңіре отырып, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу үрдісі ретінде қарастыруды жөн көрдік.

Эстетикалық мәдениеттің құрамына: *эстетикалық қажеттілік; эстетикалық қызығушылық; эстетикалық талғам; эстетикалық әрекет; кәсіби біліктіліктер* кіреді. Қорыта келгенде, оқушының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін осы айтылған құрамдас компоненттердің әрқайсысының жеке тұлғаның бойында болуын міндетті түрде ескеру және оларды қалыптастыру қажет деп есептейміз. Демек, эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың мақсаты – тұлға бойында эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсінуін, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу болып табылуы тиіс.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 24, 147-құжат; “Егемен Қазақстан” 2006 жылғы 26 желтоқсан N 320.
2. «Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы [https:// /qazaqstan-respublikasy-uzdiksiz-bil/](https://qazaqstan-respublikasy-uzdiksiz-bil/)
3. Каган М. С. Мир общения: Проблема межсубъектных отношений. - М., 1989.
4. Гершунский, Б. С. Педагогическая прогностика: методология, теория, практика. – Киев. 1986. - 200 с.

УДК 37.017.925

### **ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТІРЕГІ**

**Тлеубердинова Айгерим Есболовна**

*[ms.tleuberdinova@mail.ru](mailto:ms.tleuberdinova@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Төлеубекова Р.К.

«Рухани жаңғыру – тарлан тарихтың,  
жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың  
көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын  
ұлт жадының тұғырнамасы»

***Н.Ә.Назарбаев***

Қазіргі заман ғылым мен технологияның қарыштап дамып, өте жоғары деңгейге жеткен шағы десек болады. Соған сай сана өркениеті өрістеп биіктеп барады. Бір анығы, адамның санасы, дүниетанымы жоғарылаған сайын қоғам да өзгереді. Кез келген

қоғамның дамуының мақсаты мен нәтижесі – адам, оның рухани және интеллектуальды дамуы, мүмкіндіктері мен қабілеттерін сапаландыру болып табылады. Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана –тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Отанды сүйетін, рухани бай, таласқа жан мен туы түссе, қашанда елдің қамын ойлайтын, нағыз ұлтжанды, сана-сезімі жоғары жастар тәрбиеленеді. Сондықтан болар аталған мақаланың негізгі көзі жастарға ескерту, олардың көзін ашу, алға жетелеу. Мақалада кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы зор. Себебі білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Рухани байлық, жастар тәрбиесі, оның ішінде патриоттық бағыттағы іс-шараларға көңіл бөлу – дамудың бір жолы. Мемлекет басшысының мақаласы дер кезінде жарық көрді және бұл елдің болашағы үшін жазылған терең мағыналы еңбек. Рухани кемелдену мен заман көшінен қалмау үшін, оның берері мол. Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Басты талап меңгеру. Қай жағынан келсе де кез келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Мақалада көрсетілген орындалу керек міндеттердің бәрі дерлік жастар алдында тұрған міндеттер. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Елбасының бұған дейін де «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық. Жастардың билікке келуі, олардың сауаттылығы мен ел басқарудағы әрбір міндеттері маңызды рөл атқарады. Шалалыққа бармас үшін әрбір қазақстандық жас осы мақаладағы көрсетілген міндеттер мен тапсырмалар негізінде жұмыс жасауы керек. [1]

Сана - әрбір адамға тән дара қасиет, ол адамның өзін ойлай алатын, сезе білетін, әрекет ретінде түсіне бастауы. Сана – адамның дамуының және психикасының көрінуінің ең жоғарғы формасы. Ол адам әрекетінің ойша құрылуын, мінез-құлқын бақылауы және басқаруын жүзеге асырады, өзіне есеп беру қабілетін анықтайды. Адам санасының дамуы қоғамдық тарихи үрдіс. Қоғамдық тарихи даму үрдісінде адамның өмір сүруі барысында әлеуметтік ықпалдардың әсерінен пайда болады. Оған төрт компонент енеді: өзінің басқа әлемнен айырмашылығын түсіну; «Мен» іс-әрекетінің субъектісі екенін білу; өзінің психикалық қасиеттерін, көңіл-күйін түсіну; қарым-қатынас қарым-қатынас пен іс-әрекет барысында жинақталған тәжірибе негізінде өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі сыйлауы, өзін-өзі реттеуі. Осы тұрғыдан алғанда, адам санасының үш пластасын бөліп көрсетуге болады: өзіне қарым-қатынасы, басқаға қарым-қатынасы, басқаның өзіне қарым-қатынасы.[2]

Сана – адамның рухани дүниесі. Сонымен қатар, тұлғаның нақты өскен ортасына, тікелей қоршауына байланысты қалыптасқан қоғамдық, ұлттық (этностық) сана болады. Жалпы сана туралы айтқанда адам факторына, яғни адам дүниетанымы мәселесіне тоқталмау мүмкін емес. Шын мәнінде бұл дүниеде қанша адам болса, сонша көзқарас бар. Сол сияқты әр халықтың өзіне тән дүниетанымы болатыны заңды. Егер, белгілі бір ұлтты тығыз генотиптік және басқа да байланыстармен шырмалаған жеке адамдар қауымдастығы десек, онда сана күрделі әлеуметтік құбылыс. Адамның сана-сезімі қашанда таптық, топтық, қоғамдық сана-сезімдермен тығыз байланысты. «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» деген болатын Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің мақаласында.[3] Жеке тұлға санасының қалыптасуына, оның мазмұнына қоғамдық сана үнемі ықпал етіп отырады. Адам зердесі өзінің зор мүмкіндігімен, шығармашылық қабілетімен танылады. «Ұлттық сана» ұғымын қарастырсақ, ол этникалық топ жөніндегі жалпы түсінік көрсетеді. Ұлттық өзіндік сана жеке дара ұғым, алдымен ұлттық қауымның жеке мүшесінің жалпыұлттық сананың өзегі болып табылады. Ол адамды рухани және әлеуметтік-саяси өмірде өзін-өзі анықтау үшін қажетті ұтымды-құнды түсініктер мен бағалау қатынастарының өзегі ретінде қатысады. *Ұлттық өзіндік сана* – белгілі бір ұлттық қауымға енетін адамдардың осы қауымның идеаларын, мәдени нормаларын, дәстүрлерін тұрмыстық стереотиптерін меңгеруін, сондай-ақ, олардың жалпы қоғамдағы осы әлеуметтік-этникалық топтың мүдделері мен жағдайларын түсінуді сипаттайтын елестетулер деңгейі. Демек,

ұлттық өзіндік сана этностық сананың жоғары, күрделіленген, жетілдірілген формасы. Ұлттық өзіндік сананы ұлттың өзінің әлеуметтік-этностық мәнін танып білуі, дүниежүзілік қауымдастық жүйедегі өзінің қандай орын ала алатынын, адамзат тарихындағы атқарып жүрген әрекеттік рөлін, адамзат жасап жатқан өркениетке қосқан үлесін сезіп тұтынушы, әрі өзге халықтармен тең, еркін тәуелсіз өмір сүрудің табиғи-тарихи құқығын түсінуі деп ұғынуға болады. Тұлғаның өзінің белгілі бір азаматтық қауымға тиістілігін түсінуге негізделген ұлттық санасы күрделі құрылымға ие. Ол *біріншіден*, мемлекет алдындағы жауапкершілігін сезінбей мәнді емес және өзінің азаматтық құқығы мен міндетін түсінуді белгілейді; *екіншіден*, тұлғаның ұлттық санасының маңызды факторы тіл болып табылды. В.И.Даль: «Адам қай тілде ойласа, сол ұлтқа жатады» деп айтқан.

Ұлттық сана - ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние - ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған. Тарих өрісінен ұлттық болмысымыздың рухани негізіне айналған ұлттық сана құбылыстарын зерделеу қиын емес. Ұлттық сананың қалыптасуын және оның дамуын екі тұрғыдан қарауға болады: сезімдік-түйсіктік; саналы теориялық. Сезімдік-түйсіктік тұрғысынан ұлттық сана өз елін, халқын, ұлтын сыйлауынан, оған деген алғашқы ыстық сезімнен туса, саналық-теориялық тұрғысынан өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті дүниежүзілік деңгейде теориялық ұлттық бағыт-бағдар беру қажеттілігінен қалыптасады.

Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және ұлттық қасиетке терең болу. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік жігерін қалыптастырып отырған. Табиғатпен етене араласқан қазақ халқы рухани өмірде елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын сапа-қасиеттерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен. Сезімталдықтың, дарындылықтың, даналықты қадірлеудің, зиялылардың жауапкершілігінің арқасында қазақ ұлты тарихи өмірдің күрделі оқиғаларына парасаттылық танытып, ерік жігерімен төтеп бере білетін ұрпақты қоғам алдына шығарған. Соның нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымы табиғи заңдылықпен дамып, елдің әлеуметтік жағдайын өзгертетін құбылыстар қазақ қоғамының ішіне тұтастай ене алған жоқ. Қазақ тұлғаларының ұғымында ұлттық сананың ұясы ұлттың тарихы. Қазақ ұлтының рухани дүниелерінің өзі көрсетіп отырғандай, тарихты білген ұрпақтың тәрбиесі күшті болады. Кез-келген нәрсеге ақылмен қарап, болашағына қатысты мәселені білімімен шешуге ерте бейімделеді. Тарих тағылымы арқылы жалған нәрселерге сене бермейтін, ақылмен ойлайтын жастар қалыптасады.

Тарихын білген қоғамда, ел тарихының шындығын негіздейтін тұжырымдар бұрмалана бермейді, себебі тарихты білетін ұрпақ өз қоғамының дұрыс сыншысы. Тарихтың шындығын біріктіретін тұжырымдар тарих өрісіндегі оқиғалардың ақиқатын танудан туындайды. Тарихи оқиғалардың ақиқатын бірінші кезекте ұрпаққа жеткізетін халықтың өзі болуы тиіс. Өйткені, ұлттық сананың рухы тарихи оқиғаның ақиқатымен күш алып, оны ұлт руханиятының бойында сақтап отыруында. Сондықтан да, қазақ тұлғалары айтып кеткендей, бірінші кезекте ұлт тарихының қабырғасын қалаған материалдарды алдыменен ұлт руханиятының бойынан іздеп, сонымен ғана салыстырып оқыған жөн. Қай заманда болмасын мемлекеттің тұтастығын, ұлттың рухын әлсіретуді көздеген сырттан келетін саясат алдыменен елдің рухани дүниелерін, оған қызмет ететін адамның санасын өзгерту, өздеріне тарту арқылы тарихи тұжырымдарды бұрмалауға тырысып бағатындығы даусыз. Осы себептен де, ұлттың тарихы не үшін қажет? - деген сұраққа алаш зиялылары былай деп жауап берген: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп,

қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс».[4]

Ұлттың тарихы ұлт пен оның тәрбиелеп шығарған тұлғаларының интеллектуалдық болмысының өрісінен шығады. Рухани болмыстың негізі ұлттық сана. Тарихты сақтау ұлттық сананы құрметтеу, тарихты білу ұлттық сананы иеленіп отырумен тең. Әрбір тарихи уақыт өрісіндегі жекелеген адамдардың интеллектуалдық қызметі оның бойындағы ұлттық санасымен көрініп отырады. Халыққа ортақ қасиеттер мен тәжірибелерге тұнып тұрған ұлттық сана тарих даналығымен ортақ құндылыққа айналады. Қандай да ел, азамат өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Бұл міндет жастарға жүктелген.

«Жастар – бұл болашақтың мәңгі қозғалтқыш күші». Сондықтан, Қазақстандықтардың болашаққа барар жолы – жастардың даму деңгейін олардың мүмкіндіктері мен құндылықтарының ұмтылысына, мемлекеттің экономикалық-саяси және қоғамдық өміріне қатысуға тікелей байланысты. Жастардың рухани байлығы жөнінен келсек, қазіргі олардың ойлау деңгейі, көрсем-білсем деген ұмтылысы жоғары. Шығармашылық қабілеті, талабы да баршылық. Рухани құндылықтың астарында кең ұғым жатыр. Оның тәрбиелік мәні де терең. Меніңше, ол — отан, туған жер, отбасы секілді баға жетпес құндылықты сүйеге жетелейтін төте жолды мегзейді. Қандай да ел, азамат өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы тұрғысынан келгенде, кеудесі алтын сандық, яғни рухани бай жастардың өмірге, дүниеге көзқарасы да кең, қарақты келеді.[5]

Бүгінде Қазақстанда жастардың отанға деген сүйіспеншілігі — қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге жуықтайтын секілді. Бұндай жаңарған қазақстандық патриотизм мазмұнын қазіргі озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сондай-ақ, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары, оның айрықша руханилық, азаматтық пен өнегелілікке ұдайы ұмтылушылық құндылықтары да құрайды. Бүгінгі заманның жастары қандай болмақ? Еңбек адамының бейнесін жасауға тырысып жатқанда бүгінгі жастардың бейнесін білмей жас террористің бейнесін жасап тастағанымыз қалай? Осы тұрғыда бір жақты емес, мәселеге жан-жақты қараған дұрыс сияқты. Мемлекет - жастарға барлық мәселеде қолдау білдіріп, мүмкіндіктер жасауда. Білім жүйесінде де гранттардың саны артқаны, шетелде оқуға жастардың қолжетімділігі, яғни қайда барып білім аламын, тәжірибе жинақтаймын десенде бәрі өзіне байланысты екендігі белгілі. Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Рухани бай адамның жаны таза, кіршіксіз деп жатамыз, ал, дүниеге танымы зор жастардың кемел келешекке ұмтылысы биік болуы да мүмкін.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/1840>
2. «Ұлттық тәрбие» кітабы, Пірәлиев С.Ж, Төлеубекова Р.К, Иманбаева С, т.б. – Алматы, 2014 ж.
3. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-ші том. Алматы: Ғылым, 1999
5. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет